

Жек дуадақтарды аулауды жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 қыркүйектегі N 982 Қаулысы

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 15-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2004 жылғы 23 қыркүйек - 31 желтоқсан кезеңінде өзінің сұңқарларымен жек дуадақтарды сұңқармен аулауды жүргізуге мыналарға рұқсат берілсін:

1) шейх Халифа Бин Заидқа (Біріккен Араб Әмірліктері) шаруашылық қызметтің реттелетін режиміндегі республикалық маңызы бар Арыс және Қарақтау мемлекеттік қорық аймағының аумағын қоса алғанда, Оңтүстік Қазақстан облысында 30 дарақ жек дуадақты ;

2) шейх Сурур Бин Мұхаммадқа (Біріккен Араб Әмірліктері) шаруашылық қызметтің реттелетін режиміндегі республикалық маңызы бар Кендірлі-Қаясан мемлекеттік қорық аймағының аумағын қоса алғанда, Маңғыстау облысында 15 дарақ жек дуадақты ;

3) бекзада Абдель Азиз Бин Ахмед Бин Абдель-Азиз Әл Саудқа (Сауд Арабиясы Корольдігі) шаруашылық қызметтің реттелетін режиміндегі республикалық маңызы бар Жусанды дала мемлекеттік қорық аймағының аумағын қоса алғанда, Алматы және Жамбыл облыстарында 25 дарақ жек дуадақты.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті:

1) белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағында көрсетілген адамдарға жек дуадақтарды өз сұңқарларымен аулауға рұқсат берсін;

2) сұңқар салуды ұйымдастыру және жүргізу кезінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 маусымдағы N 969 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында Жануарлар дүниесінің жекелеген түрлерін ерекше жағдайларда пайдалану тәртібі жөніндегі ереженің орындалуын қамтамасыз етсін;

3) "Охотзоопром ӨБ" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны көрсетілген Ереженің 8-тармағына сәйкес қызметтер көрсетуді және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Зоология институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнымен бірлесіп, оларды табиғаттан алуды жүзеге асыратын шетелдік азаматтармен шарттық негізде жек дуадақтың өсімін қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларды жүргізуді қамтамасыз етсін;

4) Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен және Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен (келісім бойынша) бірлесіп, сұңқар

салу аңшылығы жүргізілетін жерлерде жоғары мәртебелі қонақтар мен олардың қызметкерлері топтарын күзетуді және бірге жүруді ұйымдастырсын.

3. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасындағы СИТЕС әкімшілік органы сұңқар салу аңшылығы үшін жыртқыш қыран құстарды Қазақстан Республикасына әкелу мен одан әкетуді Жойылып кету қаупі төнген жабайы жануарлар мен өсімдіктер дүниесі түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның рәсімдерін сақтай отырып, қамтамасыз етсін.

4. Алматы, Жамбыл, Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері көрсетілген іс-шараларды ұйымдастыруда қажетті көмек көрсетсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі